

Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін он есе жоғарлату туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 тамыздағы 47 сессиясының № 505 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 қыркүйекте № 3398 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2019 жылғы 13 ақпандағы № 599 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 13.02.2019 № 599 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 386-бабының 5-тармағы, 444-бабының 1-тармағы және "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Осакаров аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 09.02.2016 № 601 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес

пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есе жоғарлатылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихатың бюджет және ауданның әлеуметтік - экономикалық даму бойынша тұрақты комиссиясына (В.К . Эммерих) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттын хатшысы

Н. Кобжанов

К. Саккулаков

КЕЛІСІЛДІ:

"Осакаров
қатынастары
мекемесі
Ю. Сардалова

ауданының
бөлімі"
басшысының
міндетін

жер
мемлекеттік
атқаруші

2015 жыл "19" тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК